

◆ КЕЛБЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ еліміздің табысты жолмен қарқынды дамуы үшін, ең алдымен, сауатты, бәсекеге қабілетті, өз кәсібін жетік меңгерген менеджерлер қажет екенін үнемі айтып келеді. Қазіргі заманның тілімен айтқанда, менеджер – ұжым қызметкерлерін ұтымды ұйымдастыра білетін, білім мен біліктілікке қатаң талап қоя алатын, сонымен бірге, жұмыстың сапасы мен нәтижесін аз күнде көрсететін өз саласының көшбасшысы. Кеңестік кезеңде мұндай менеджерлер тәлімгерлік мектебі арқылы тәрбиеленіп отырды. Жоғары оқу орындарының жас, идеяшыл жастары алдыңғы буын ағалардан кәсіби кеңес алып, қаншалықты қиын болса да қасынан қалмай жүріп маманданатын. Бұл оң нәтиже беріп, мемлекеттің барлық саласында алға жылжу болды. Осындай үлкен мектептің қалыбында шыңдалып, қызметтің қазанында қайнаған білікті менеджер, білімді басшы Мақсат Бекетаев десек, артық айтпағанымыз.



ТАЛАП БАР ЖЕРДЕ ТӘРТІП БАР

Естіген де шығарсыз, бәлкім, білесіз де, Есік қаласында ерекше қарауды қажет ететін жандардың орталығы бар. Ерекше болғанда, жүйке жүйесі сыр берген сырқаттарды емдейтін мекеме. Әрине, бір естігенде, тіксінесіз, үрей де билейді. Бірақ тағдырдың айдауымен сонда жатқан жандарды кімдер емдейді? Басы-қасында жүрген, ыстық-суығына төзген қандай жанкешті адамдар? Осы жағын ойлағанда орталық қызметкерлеріне еріксіз бас иесіз.

Иә, «Аманат» Есік арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ ұжымы — тағдыр сынағына түскен, жүйке ауруына шалдыққан науқастардың қамқоршысы. Бір сөзбен айтқанда, олар — түрлі үйірмелер, емдеу әдістері арқылы науқастардың көңілін аулап, жалғызсыратпай жанынан табылып жүрген үлкен жүректі жандар. Мақсат Бекетаев — осындай мейірім мен күтімге мұқтаж жандарды қарайтын мекеменің басшысы. Өзінің адами асыл қасиетімен, кеңестік кезеңнен жинаған баға жетпес тәжірибесімен аз күнде сырқаттардың қамқоршы әкесіне айналып үлгерді.

Ол қай қызметте жүрсе де өзінің бастамашылдығымен, кәсіби әлеуетімен алдыңғы қатардан көрініп келеді. Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің орынбасары лауазымында да өзінің адами болмысымен, қызметтегі шешімталдығымен, ұйымдастыру қабілетімен халықтың көңілінен шықты. Ауданның ауыл шаруашылығы саласын өркендетуге үлкен үлес қосты. Облыс қана емес, республика көлемінде бау-бақша, жеміс-жидек, көкөніс өнімдерімен Еңбекшіқазақ ауданының атын шығаруға ерекше еңбек сіңірді. Аудандағы фермерлердің жаңа технологияларды меңгеруіне, сол арқылы өнім сапасын көтеруге күш салған бастамалары еш кеткен жоқ. Отандық өндірісті дамытқан шаруашылық қызметкерлерінің шетелмен байланыс орнатып, тәжірибе алмасуына мүмкіндік туғызды. Тіпті, АҚШ, Израиль, Венгрия, Сербия, Италия елдерінің фермерлерімен тәжірибе алмасуға атсалысты. Ауылшаруашылығы ғылымы мен тәжірибесін ұштастырып, экспортқа баса көңіл бөлген білікті мамандардың бірі болды.

Мақсат Тоқбергеноұлының қажырлы еңбегі мемлекет тарапынан да елеусіз қалған жоқ. Аграрлық саладағы еңбегі үшін «Ауылшаруашылығының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Сонымен бірге, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің Құрметті профессоры атанды.

Осы жылдың наурыз айынан бері Мақсат Бекетаев жоғарыда тілге тиек еткен орталықтың директоры қызметін абыроймен атқарып келеді. Санаулы ай өткенімен оның әрқайсысы бір жылға тең десек, қателеспеспіз. Өйткені, Мақсат Тоқбергеноұлының жаңа қызметі әлемдік пандемияның өршуімен, соған байланысты жарияланған Төтенше жағдай режимімен тұспа-тұс келді. Карантин кезінде орталықтың жұмысын күшейтіп, науқастар арасында сақтықты қатаң қадағалау қажет болды. Осыған байланысты кәсібилікке деген талап та өзгеріп, қиын уақытта қызметкерлер бұрынғыдан да үлкен қарқынмен жұмыла жұмыс істеді.

Орталық директорының бастамасымен психиатриялық кемістігі бар науқастар ұсталатын мектеп-интернатқа өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, жеке және көпшілікпен отыратын бөлмелерге жайлы жағдай жасалды. Ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Кірген адамға сүреңсіз көрінетін бөлме заттары жаңасына ауыстырылды. Ескі теледидарлар жаңартылды. Зал көрнекіленіп, кірген адамға бірден жайлылық сыйлайтындай болды. Бұдан бөлек, орталықта жатқан науқастар демалатын аумақ та абаттандырылды. Әдемі гүлзарлар жасалып, көгалдандыру жұмысы жүргізілді. Гүлзар арасымен серуендеген адам табиғаттың сұлулығына тамсанып, алқызыл гүл аңқыған ауаны құшырлана жұтатындай мүмкіндік туды.

Баса айтатын мәселе — орталықта қызметкерлер мен науқастар арасында бірде-бір коронавирус инфекциясы тіркелген жоқ. Бұл жаңа басшының талап ете білетін ерен еңбегінің арқасында екені айтпаса да түсінікті. Емдеу мекемесінде санитарлық талап қатаң сақталды. Арақашықтық, жиі-жиі қолды сабынмен жуу, бетперде тағу нормалары қадағаланды. Әсіресе, емделушілер арасында аурудың тарап кетпеуіне баса назар аударылды. Бұл талап індеттің беті қайтып, карантин режимі жеңілдетілсе де, күшін жойған жоқ. Өйткені, бұл мекемеде сақтық аса қажет. Ұзын саны 320 қызметкері, 500-ден астам емделушісі бар үлкен орталық үшін бұл өте маңызды.

Ерғанат ОРАЛБАЕВ
Еңбекшіқазақ ауданы

◆ ІНДЕТ

САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

Халқымыздың өткен ғасырлардағы өміріне көз жүгіртсек, бұдан да қиын, бұдан да үрейлі сәттерді бастан өткізгеніне куә боламыз. Алайда батыр да байсалды, парасатты да ержүрек халқымыз жұдырықтай жұмылып, қиын күнді артқа қалдырған. Ендеше, барша адамзатты әбгерге салған індеттің қыспағынан тез арада құтылу үшін барлық жағдайды жасауға міндеттіміз.

Күні кеше ғана Білім күнін атап өттік. Бұл көпшілікке қуаныш сыйлағаны анық. Алайда жас өркендердің денсаулығы үшін сақтық шаралары қатаң бақылауға алынған. Қашықтан оқу қайта жалғасты. Сақтық шараларын ұстану — барлығымыздың азаматтық парызымыз.

Мектеп табалдырығын аттаған әр баланың дене қызуы міндетті түрде өлшенеді. Сынып жетекшілері оларға күн сайын сақтық шараларының тәртібін түсіндіреді. Сонымен қатар, мектеп дәлізінде балаларға арналған тазалық бұрыштарын да ұйымдастырдық. Арнайы көрсетілген суретке қарап, оқушылар сақтық шараларымен танысып қана қоймай, ұстаздармен бірге барлық қажетті шараларды атқарады. Арнайы медициналық бетперде кино, қолды сабынмен жуу секілді талапты барлық оқушы қатаң сақтауын ұстаздар өз қадағалауына алады. Бірақ бұл істің нәтижелі болуы үшін ата-аналар да бей-жай қарамай, бірауыздан атсалысуы тиіс.

Індеттің өршуіне байланысты билік батыл қадамдарға барып, ең тиімді жобаларды іске асырғаны бәрімізге аян. Мәселен, дәрі-дәрмек, азық-түлік, қаржы-қаражат жағынан барынша қолдау білдірді. Қазір жағдай біршама тұрақтанды. Бірақ еркінсуге әлі ерте екенін ұмытпағанымыз жөн. Халық тарапынан қатаң атқаруға тиісті бірнеше міндетті атап өткенді жөн санаймын. Оның ең біріншісі, тәртіп. Бауыржан Момышұлы «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған күл болмайды» деп сұрапыл соғыс жылдарында жаудың бетін қайтарып, жеңіске жеткен екен. Біздің де лұшар болған жағдайымыз сол кездегіден бірде-бір кем емес. Бұдан аман шығудың кепілі — тәртіп дер едім. Екіншісін, ешқашан үрейге бой алдырмай, жігерімізді жасытпауымыз керек. Үшіншісін, ережелер мен сақтық шараларын бірауыздан орындауымыз қажет.

Әр адам қоршаған қоғам алдындағы азаматтық борышын да сезіне білгені жөн. Адамдық атқа лайық болған жерде ғана азаматтық өріс күш алатыны ақиқат. Індет іргемізден тезірек алыстасын десек, тәртіпке бағыну аса маңызды. Індетпен бетпе-бет жүрген ақ халаттылардың еңбегін құрметтеп, қойылған талапты бұлжытпай орындауымыз қажет.

Азамат ЖАҢАБЕРЛИЕВ,
Жоламан орта мектебінің директоры,
Кербұлақ аудандық мәслихатының депутаты

Дүниежүзіне таралған Covid-19 пандемиясы өткен жылдың желтоқсан айының ортасында басталды. Сол шақта Орталық Қытайда орналасқан Хубэй провинциясына кіретін Ухань қаласының Хуанань жануар мен теңіз өнімдері базарында болған тұрғындардың түсініксіз пневмонияға шалдыққаны анықталған.

ДҮНИЕНІ ДҮР СІЛКІНТКЕН

Осыдан кейін Қытай ғалымдары коронавирустың жаңа түрін — SARS-CoV-2 анықтады. Осылайша 22 қаңтардан Ухань қаласына карантин жарияланып, қоғамдық көліктер тоқтатылып, қалаға кіріп-шығуға тыйым салынған. Бұған қарамастан ауру тез арада басқа қалаларға, кейіннен дүниежүзіне тарап кеткен болатын.

Қазірге дүниежүзі бойынша 25 миллион адам Covid-19 вирусын жұқтырды. Бұл пандемия әлемді үлкен қайғы мен қорқынышқа толы сезімге бөледі. Қаншама адам жақындарынан

айырылып, қаздан қан жұтып отыр. Пандемия әр елді үлкен дағдарысқа ұшыратты. Үлкен, шағын компаниялардың жұмысы тоқтап қалып, кинотеатрлар, сауда кешендері және тағы басқа көпшілік баратын жерлер карантинге байланысты жабылды. Жағдай оңалады дегенше, қиындай берді. Қазақстанның пандемия кезіндегі жағдайын айта кетсек, басқа елдерден жақсы деп айта алмаймыз. Біздің елімізде вирус наурыз айының соңына таман пайда болған. Сол кезден бастап елде карантин режимі жарияланды. Ауру елді тіркірентсе де көп адамдар аса мән

берген жоқ. Олар індетті жала мәлімет деп санады. Елдегі ахуал өрши бергенде ғана адамдар карантин тәртіптерін қадағалай бастады.

Денсаулық әр жанның ең қымбат, баға жетпес байлығы. Әр жеке тұлға өзінің және өзгелердің денсаулығына қамқор бола білу керек. Отбасымыз, туыскандарымыз және достарымыз бұлардың бәрі — жүрегімізге жақын адамдар. Өзіміздің және жақындарымыздың баға жетпес байлығын, денсаулығын індеттен аман алып қалу үшін карантин тәртіптерін қатаң түрде сақтауға тиіспіз.

Тәртіптердің ішіне көпшілік жерге барғанда бетперде тағу, антисептикпен қолдану және үйден аса маңызды себепсіз шықпау кіреді. Сіздің қолыңыздан келетін көмек осы. Бұл қағидалар сіздің және өзгелердің өмірін сақтап қала алады. Сондықтан оларды ұстауларыңызды сұраймыз. Барлығы біздің қолымызда. Егерде індетті жеңуге бар күшімізбен атсалыссак, барлық кедергілерді жеңіп, бұрынғы бақытты шақтарымызға оралатынымызға сенімдіміз.

Әмина САМАТОВА,
№20 лицейдің оқушысы

Талдықорған қаласы

◆ ТАНЫМ

Қазақта қамшының сабы ретінде қолданылуымен кеңінен танымал болған бұталы өсімдіктің бірі — тобылғы. Тобылғы өзінің беріктігімен, түзулігімен, сыртының тегістігімен, әдемі қызыл күрең түсімен қамшыға сап ретінде өте қолайлы болып саналған. Бүгінде тобылғы сап қамшының өзі қолданыстан шығып бара жатқандықтан, тобылғы туралы білетіндер кемде-кем. Сондықтан, бұл мақалада тобылғы туралы қарастыруды жөн көрдік.

Тобылғы туралы не білеміз?

Тобылғы — тұзу өсетін, діңі берік, жапырағы қауырсын тәрізденіп тілімделген, қызыл күрең түсті бұта. Қазақ жерінің таулы, далалы өңірлерінде тобылғының он шақты түрі өседі. Тобылғы жылдың кез келген ауа райына төзімді, табиғатта топталып өседі, өскен сайын біртіндеп жуандап, қатайып, өте берік болып шығады.

Дәстүрлі ортада басқа уақытта обал болады деп санап, оны материал ретінде көбіне күздің соңы, қыстың басында әзірлейді. Тобылғыны дер кезінде алса, кепкен кезде жарылмайды және сапасын ұзақ уақытқа дейін жақсы сақтайды. Оны әртүрлі мақсатта пайдаланған. Мәселен, емдік мақсатта, тобылғыны отқа жағып, одан еріп пайда болған майды ожау немесе қасыққа тамызып алып, жылы күйінде адам терісіне шығатын теміреткіге жаққан. Сонымен бірге, оның бұтағынан тіс шұқығыш жасап пайдаланады.

Тобылғыдан тәспі, моншақтар да әзірленеді. Ат әбзелінің құрамына кіретін қамшының сабын да тобылғыдан жасайды. Ол туралы ақын Бауыржан Жақыптың «Тобылғы» деген өлеңінде былай жырланады:

*Мөлдір моншақ таң шығын,
Тағып алған тобылғы.
Бадам өрген қамшының,
Сабы болған тобылғы.*

Тобылғыдан дайындалатын қамшылардың қолданыстағы мақсатына байланысты халық арасында қалыптасқан өзіндік бірнеше атауы бар. Олар - сүндет қамшы, бәйге қамшы, көкпар қамшы, дойыр қамшы және неке қамшысы. Қамшыдан қалған, жарамаған тобылғы қиындысын, қабығын, отқа жағып, оның түтініне саба, күбі, торсық тәрізді ыдыстарды ыстаған. Нәтижесінде ыстық иісі мен дәмді күбі, сабаға сіңіп, құйылған сусынның маңызы күшейе түседі. Сонымен бірге, тұрмыста қажеттілікке жарату үшін сойылған жылқы терісін де қолданыс мақсатына қарай тобылғы қабығына ыстаған.

Шаруашылық ортада мақта, кендір, терекпен қатар тобылғы қабықтарының талшықтарынан да үйге жарық беретін майшамға қажетті ұзын таспа немесе жіп түрінде әзірленетін білгені де дайындалған. Тіпті, ұсталар металды балқытуға қажетті көмірді кейде өртенген тобылғы тамырында пайдаланған. Жүрген кезде түйеге артылған жүктің ауып кетпей, оның мықтап ұстап тұруын қамтамасыз ететін бұрау немесе тоғанақ деп аталатын құралды жаңғыл, сексеуілмен қатар тобылғыдан да жасаған. Шаруашылықта өгізді басқарып жүргізу үшін оның танауынан өткізетін жіңішке ағаш — мұрындықты жасауға да пайдаланған. Сонымен қатар, тобылғының солқылдақ шыбықтарын ұзындығын құлаштай етіп кесіп алып жүн сабайтын сабау да жасаған. Тіпті, тобылғы шырылларынан аула сыпыратын сыпыртқы да әзірленген.

Қазақ жерінде тобылғы атауымен байланысты Тобылғылы, Тобылғы сай, Тобылғылы сай, Тобылғыты, Тобылғы бұлақ деген жер-су атаулары бар. Сондай-ақ, тобылғыға қатысты Жамбыл облысы, Жуалы ауданының аумағында Тобшақты деген алқап (жайлау) бар. Ол туралы зерттеуші Дархан Байдалиевтің «Жуалы өлкесінің ежелгі тарихы» атты зерттеуінде былай делінеді: «Ел қамшыға қажет тобылғыны Тобшақтандан табады. Тобшақты атауы осы тобылғыға байланысты болса керек. Себебі, алқапта тобылғы топ-топ болып өсіп тұратындықтан ол жерді ел ішінде «шоқ-шоқ болып тобылғы өскен жер» деп айтады. Уақыт өте келе, одан «тобшақты» сөзі шығады. Яғни, «тобылғы шоғы» сөзінен «Тобшақты» атауы қалыптасқан».

Жылқы түсінде де тобылғымен байланысты тобылғы күрән (қошқыл, күрән түс), тобылғы торы деген атаулар бар. Мысалы, қазақтың «Батырлар жырында» мынадай жыр жолдары кездеседі:

*Тобылғы меңді торы атпен,
Қобыланды шапты ауылға.*

Фольклортанушы Акеділ Тойшанұлының «Түрік-моңғол мифологиясы» атты зерттеу еңбегінде, аңыз бойынша тобылғы түсінің нәліктен қызыл күрән болуының себебі, сексеуіл мен қарағайды татуластыра алмағанына қатты ұялып, содан қызарып кеткені кеңінен баяндалып, көркем суреттеледі. Келтірілген мысалдан бұталы өсімдіктердің, ағаштардың сыртқы түр-тұрпаты, өсетін жерінің табиғат ерекшелігі мен қазақтың үйлену салтының кейбір көріністерін аңғаруға болады.

Табиғатта көкек айының аяғына таман 2-3 күнге созылатын суық жел соғып, тобылғы жарған амалы басталады. Бұл халықтық танымда «тобылғы бүршік жарған», яғни, өсімдіктер тамыр жайды, жер бетіне алғашқы көк шыға бастаған шақ дегенді білдіреді.

Халық тілінің паремиялогиялық қорында тобылғымен байланыстырылып айтылатын сан алуан мақал-мәтел бар. Мысалы, «Тобылғының түбін бассан көде көпіршіп шығады», «Тобылғы шөпке жетеді, шөп көпке жетеді», «Тобылғы қатты деп қамшыға сап қылады, Көреген жігітті әккі деп қосынға бас қылады».

Тобылғы қазақтың шаруашылық-тұрмысында маңызды орын алған. Атабабамыз оны тиімді пайдалана білген. Бүгінгі күннің маңызды мәселесінің бірі табиғатты күту болғандықтан, тобылғыны неғұрлым көбірек өсіру әрі сақтау өзекті болып тұр.

Тимур БОЛСЫНБЕК
Алматы қаласы